

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы аясында нысаналы жинақтарды пайдаланудың 2024 жылдың 9 айындағы нәтижесі

«Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы аясында "БЖЗК" АҚ жыл басынан бері 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жалпы сомасы шамамен **2,8 млн АҚШ** доллары болатын **27 547** өтінішті орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде **тұрғын үй жағдайларын жақсарту** мақсатында **1,5 млн** жуық АҚШ долларына **15 003** өтініш, **білім беру ақысын төлеу** үшін **1,3 млн** жуық АҚШ долларына **12 544** өтініш орындалды. Бұл ретте нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған қалдық сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

**Тұрғын үйді жақсартуға** арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарына салымды толықтыруға (шамамен 1,5 млн АҚШ долларына 14 512 өтініш орындалды), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) – 16,6 мыңнан астам АҚШ долларына 166 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізуге -13,7 мың АҚШ долларына 136 өтініш.

**Білім алу ақысын төлеу** шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (1 млн астам АҚШ долларына 10 171 өтініш орындалды), білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыру (173,2 мыңнан астам АҚШ долларына 1 725 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) бір рет біржолғы ақы төлеу (шамамен 55,7 мың АҚШ долларына 555 өтініш орындалды) жүзеге асты. Бұл деректер нысаналы жинақтарды білім алу ақысын төлеуге пайдаланудың жаздың басына қарағанда соңғы екі айда шамамен 2-3 есеге өскені байқатады. Бұл жаңа оқу жылының басталуына және жас түлектердің оқу орындарына түсуіне байланысты болуы ықтимал.

Сонымен қатар, уәкілетті операторлардан бағдарламаға қатысушылардың БЖЗК-дағы нысаналы жинақтау шоттарына қаражаттың қайтарылуы да орын алды. 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша БЖЗК-ға тұрғын үйге берілген 1 993 өтінішке сай 198,5 мың АҚШ долларынан астам және білім алу ақысын төлеуге берілген 2 046 өтінішке сәйкес шамамен 200,4 мың АҚШ доллары қайтарылды. Қайтарулар негізінен уәкілетті операторларға 45 жұмыс күні ішінде қажетті құжаттар берілмегендіктен орын алған. Бағдарламаға қатысушылар 10 жыл ішінде нысаналы

жинақтарды алуға қайтадан өтініш бере алады, бұл мерзім өткеннен кейін қаражат ерікті зейнетақы шоттарына аударылады.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында беру туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі [толық ақпаратпен enpf.kz](https://www.enpf.kz) сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50% мөлшері жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында теңдей бөлінеді. 2024 жылғы ақпанда БЖЗК-да 2023 жылдың қорытындысы бойынша барлық балаларға алғашқы нысаналы талаптар есептеліп, 2024 жылы 18 жасқа толған азаматтардың нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) нысаналы жинақтар (НЖ) есептелді және төлемдер жүзеге асырыла бастады. Бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны - **6 919 131 бала** (қоса алғанда, 01.01.2006ж. бастап 31.12.2023ж. дейін туған балалар). Оның ішінде **304 815 қатысушы** 2024 жылы 18 жасқа толады немесе толды (қоса алғанда, 01.01.2006ж. бастап 31.12.2006ж. дейін туған балалар).

Бағдарламаның шарттарымен танысып, нұсқаулықтар мен өзіңізді қызықтыратын сұрақтарға жауаптарды [kids.enpf.kz](https://kids.enpf.kz) сайтынан немесе БЖЗК ЕНПФ YouTube-арнасынан алуға болады. Сондай-ақ, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасын іске асыру, бала кәметке толғанға дейінгі және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейненұсқаулық БЖЗК ЕНПФ YouTube-арнасында төмендегі сілтеме бойынша орналастырылғанын ескертеміз:

<https://www.youtube.com/watch?v=HHQNAxfskX8>.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*